

3 наурыз 2025 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Жаңа тапсырыстардың ұлғаюы аясында
сенім нығайды

3 ақпан 2025 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізгі тұжырымдар

Шолу

Пікір

Өндіріс пен сұраныс

Жұмыспен қамту және
өндіріс қуаты

Жеткізу тізбегі

Инфляция

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Ақпан 2025

Жаңа тапсырыстар анағұрлым тез өсті

2024 жылдың маусымынан кейінгі сенімнің нығаюы

Өндіріс шығындары соңғы екі жылдағы ең жоғары мәнде

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI
Ақпан 2025

52.1

PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Ол жаңа тапсырыстар, өндіріс, жұмыспен қамту, жеткізу мерзімі, сатып алулар қоры бойынша айлық өзгерістерді бақылап отыратын бес қосалқы индекстің орташа мәні. Әр қосалқы индекс 0 мен 100 аралығында және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәні. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекстер маусымға қарай түзетіліп отырады. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [мына жерді](#) басыңыз.



ЖАҢА ТАПСЫРЫСТАРДЫҢ ҰЛҒАЮЫ АЯСЫНДА СЕНІМ НЫҒАЙДЫ

Ақпанда жаңа тапсырыстардың едәуір ұлғаюы Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі саласы осы айда өсу аймағында болғанын көрсетеді.

Өндіріс көлемі, жұмыспен қамту және сатып алу осы ай бойы өсіп отырды, ал іскери сенім өткен жылдың маусым айынан бері анағұрлым нығая түсті.

Сөйте тұра, өндірістік шығындар инфляциясы екі жылдық ең жоғарғы мәнге жетті және соған сәйкес кәсіпорындар да дайын өнімдер құнын күрт өсірді.

Freedom Holding Corp. ұсынған Қазақстанның өңдеуші өнеркәсіп саласындағы Іскерлік белсенділік индексі (PMI® — Purchasing Managers' Index™ немесе Сату жөніндегі менеджерлер индексі) ақпанда 52,1 болып, қаңтардағы 51,5 мәнінен жоғарылады және бұл қазақ өңдеу өнеркәсібі саласындағы іскери ахуалдың одан әрі жақсара түскенін көрсетеді. Соңғы мәліметтерге сәйкес, бизнес жүргізу ахалының жақсаруы 12 ай бойы жалғасып келеді.

Ақпан айында кәсіпорындардың жаңа тапсырыстарды қабылдау қабілеті саладағы ахуалдың жақсаруында негізгі рөл ойнады. Жаңа тапсырыстардың ауқымы осымен он үшінші ай ұлғайды, өсу қарқыны қаңтарға қарағанда жоғары болды.

Респонденттер сұраныс талаптарының жақсарғанын, жаңа келісім-шарттарға қол қойылғанын және жарнаманың ықпалын атап өтті.

Жаңа тапсырыстар санының өсуі ақпан айында өндіріс көлемінің артуына түрткі болды, осылайша ай

сайынғы өсім тізбегі бір жылға дейін ұлғайды. Соңғы өсім айтарлықтай төмен, алайда алдыңғы зерттеу кезеңіне қарағанда біршама жедел болды.

Өндірістік талаптардың ұлғаюы өндірушілерді штат санын арттыруға итермеледі, алайда жаңа жұмыс орнын ашу қарқыны тоғыз айдағы ең төменгі мәнде және елеусіз деңгейде болды.

Еңбекпен қамтудағы болмашы өсім мен жаңа тапсырыстардың өндіріс көлемімен салыстырғанда жедел өсуі - атқарылмаған жұмыс көлемінің екінші ай қатарынан жиналып қалғанын білдіреді. Оның үстіне, соңғы өсім 2024 жылдың ақпан айынан бергі ең жедел өсу болды.


Ақпан айында сатып алу белсенділігі де анағұрлым ұлғайды, дегенмен өсім қарқыны төрт айлық ең төмен көрсеткішке дейін баяулады. Бұған қоса, атап айтқанда кедендік рәсімдеуге байланысты логистикадағы қиындықтардың салдарынан жеткізіп беру уақыты біршама ұлғайды.

Өнім өндіру үшін алдын ала сатып алынған материалдар өндірісті қолдауға жұмсалғандықтан, қоймадағы қор азая берді. Дегенмен, қоймадағы қордың азаю қарқыны айтарлықтай жоғары болған жоқ.

Дайын өнім қорының көлемі алдыңғы айда азайғанына қарамастан, ақпан айында ұлғая түсті. Болашақтан үлкен үміт күтетін бірқатар кәсіпорын қоймадағы қорын ұлғайтқан еді, алайда ағымдағы сауда сұранысын қолдау үшін қоймадағы қордың өсімін шектеп отыр.

Болашаққа деген оптимизм сатып алудағы сұраныстың жақсаруын

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI
Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2025 ж. 10-21 Ақпан аралығында жиналған.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2025 S&P Global.

күтуден және жаңа клиенттерді тартудан байқалды. Сауалнамаға қатысушылардың 54%-ы алдағы жылы өндіріс көлемі ұлғаяды деп болжады, ал сенімділік сегіз айдағы ең жоғары мәнге жетті.

Өндірістік шығындар инфляциясының қарқыны ақпанда төртінші ай қатарынан жеделдеді және соңғы екі жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Шикізат, транспорт және коммуналды қызмет шығындары ұлғайғаны жайлы атап өтілді, ал ұлттық валюта бағамының Ресей рубліне қатысты әлсіреуі инфляциялық қысымды күшейтіп жіберді.

Өз кезегінде өндірушілер сату бағасын он сегізінші ай қатарынан және өткен жылдың қыркүйек айынан бері өте жедел қарқынмен қымбаттатты.

ПІКІР

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

"Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі желтоқсандағы тарихи жоғары мәннен (53,9-дан 51,5-ке дейін) күрт құлдырап, қаңтар айында едәуір баяулағаннан кейін, ақпан айында өсім қарқыны қайта қалпына келе бастағанын көрсетті. Қалыпқа келуге жаңа тапсырыстардың тұрақты өсімі мен өндіріс көлемінің ұлғаюы ықпал етті. Шикізат, транспорт және коммуналды қызмет құнының өсуі салдарынан шығындар


инфляциясының жеделдеуі екі жылдық ең жоғары мәнге жетіп, өнімді сату бағасының ұлғаюына алып келді, бұл алаңдатарлық фактор болып отыр. Логистикадағы проблемалар мен кедендегі кідірістер жеткізу мерзіміне ықпал етті, алайда сатып алудағы белсенділік арта берді. Осы қиындықтарға, сонымен қатар, осы жылдың қаңтар-ақпан айларында үкімет жариялаған фискалды реформаларға қарамастан, сала өкілдері өздерінің жылдық болжамдарын сегіз айлық максимумға дейін жақсартты. Сала өкілдерінің сеніміне тұрақты сұраныспен қатар, елдегі даму институттарын тарта отырып, инвестициялық жобаларды қолдау жөнінде ауқымды жобаларды іске қосу арқылы өндірісті әртараптандыру туралы үкіметтің шешімі де ықпал етуі мүмкін."

Байланысушы тұлға

Ерлан Әбдікәрімов
Freedom Finance Global
PLC, Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.




ӨНДІРІС ПЕН СҰРАНЫС

Жаңа тапсырыстардың жедел өсуі ақпан айында өндеуші өнеркәсіптегі өндірістің кезекті ай сайынғы өсіміне ықпал етті.

Өткен жыл бойы өндіріс көлемі ай сайын өсіп отырды. Соңғы өсім айтарлықтай болмаса да қаңтарға қарағанда жеделірек жүрді. Респонденттер өндіріс көлемінің ұлғаюын жаңа тапсырыстардың артуымен байланыстырды.

Сұраныстың артқаны, жаңа келісім-шарттардың ұлғайғаны және табысты жарнама туралы ақпараттан кейін жаңа тапсырыстар айтарлықтай ұлғайды.

Алдағы жылы клиенттерден сұраныс артады деген үміт кәсіпорындардың өндіріс көлеміне қатысты сеніміне қолдау болды. Фирмалар жаңа клиенттер саны артады деп те болжап отыр. Іскери сенімділік сегіз айлық ең жоғары мәнге жетіп, қалыптасқан орташа мәннен асып түсті. Респонденттердің 54%-дан астамы өндіріс көлемі ұлғаяды деп болжайды.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚУАТЫ


Жұмыспен қамту қайта ұлғайды, алайда жаңа жұмыс орындарын ашу одан әрі төмендеді.

Оған қоса, штат санын өсіру қарқыны төртінші ай қатарынан қысқарды және өткен жылдың мамыр айынан бері әлсіреді. Жұмыспен қамту өскен кезде сауалнамаға қатысушылар жоғары өндірістік талаптарға сай жұмысқа қабылдау жүргізілгенін хабарлаған.

Жаңа жұмыс орындарын ашу қарқыны төмендегендіктен, өндіріс көлеміне қарағанда жаңа тапсырыстар саны анағұрлым жедел өсті, сондықтан

ақпанда аяқталмаған жұмыс көлемі жиналып қалды. Аяқталмаған жұмыс көлемі екінші ай қатарынан өсті. Жиналып қалған көлемі айтарлықтай болмаса да, жыл ішіндегі ең жоғары мәнде болды.

Дайын өнім қоры өсім көрсеткен соңғы үш айда екінші рет өсу көлемі біршама ғана болды. Кей жағдайда кәсіпорындар алдағы күндерге дайындалу үшін қор жинады. Дейтұрғанмен, сатып алудағы сұранысты қолдауға жұмсалғандықтан, қоймаға жинақталған дайын өнім көлемі де шектеулі болды.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.



ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІ

Жаңа тапсырыстардың артуы кәсіпорындардың ақпан айында сатып алу белсенділігін қайта арттыруына түрткі болды.



Ресурстарды сатып алу көлемі он екінші ай қатарынан өсті және өсім қарқыны жоғары болғанымен өткен жылдың ақпанынан бергі ең елеусіз көлем байқалды.

Сатып алынған ресурстар өндірісті қолдау үшін жұмсалғандықтан, қоймадағы қор жылдың бірінші тоқсанының ортасында сарқыла бастады. Дегенмен, сатып алуды

анағұрлым аттырудың арқасында қоймадағы қордың елеусіз болса да қысқаруына шектеу қойылды.

Қаңтар айында тасымалдаушылардың жеткізу мерзімі өзгере қоймаған еді, ақпан айында жеткізу мерзімі біршама ұзарды. Жеткізуге қатысты соңғы нашар көрсеткіштер соңғы төрт айда ең елеулі деңгейде болды және 2019 жылы басталған жағдай одан әрі жалғасты.

Сауалнамаға қатысушылар жеткізу тізбегінде, әсіресе кедендік рәсімдеу кезінде логистикалық проблемалар барын мәлімдеді.



ИНФЛЯЦИЯ

Ақпан айындағы деректер көрсеткендей қазақ өңдеуші өнеркәсібі саласында өндіріс шығындары күрт әрі жедел өсті.

Инфляция қарқыны төртінші ай қатарынан жеделдеді және екі жылдағы ең жоғарғы деңгейге жетті.



Респонденттер шикізаттың, атап айтқанда металл бағасының шарықтағанын атап өтті. Транспорт

пен коммуналды қызмет ақысының қымбаттағаны да атап өтілді, теңгенің әлсіреуі (Ресей рубліне қатысты) кейбір импорттық тауарларға инфляциялық ықпалын тигізді.

Өндірістік шығындардың артуы ақпан айында клиенттердің қалтасына салмақ салды, салдарынан өнім құнының ай сайынғы қымбаттауы одан әрі жалғасты. Соңғы жарты жыл бойы бағалар өсіп жатыр. Соңғы қымбаттау 2024 жылдың қыркүйек айынан бергі ең жеделі болды.



■ Ресурс бағасы
■ Дайын өнім бағасы
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Өнім өндіру PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған


Қаңтар 2025



Америка

■ US ■ CA ■ BR ■ MX

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.


Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия
MX Мексика

Еуропа

■ EZ ■ GB ■ RU ■ TR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

EZ Еуроймақ
GB Бірікке Корольдік
RU Ресей
TR Түркия

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ ASEAN ■ KR ■ AU

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
ASEAN - Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы
KR Оңтүстік Корея
AU Аустралия

■ Дамыған елдер ■ Дамушы елдер
X осі = PMI, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген

Қаңтар 2025



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқында жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AT	Австрия	CN	Қытайдың ішкі өлкесі	ES	Испания	ID	Индонезия	JP	Жапония	MX	Мексика	PL	Польша	TR	Түркия
AU	Аустралия	CO	Колумбия	FR	Франция	IE	Ирландия	KR	Оңтүстік Корея	MY	Малайзия	RO	Румыния	TW	Тайвань
BR	Бразилия	CZ	Чех Республикасы	GB	Біріккен Корольдік	IN	Үндістан	KZ	Қазақстан	NL	Нидерланд	RU	Ресей	US	Құрама Штаттары
CA	Канада	DE	Германия	GR	Грекия	IT	Италия	MM	Мьянма	PH	Филиппин	TH	Тайланд	VN	Вьетнам

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI®
250 жуық өндіруші
компанияның сату жөніндегі
менеджерлеріне жіберген
сауалнамаға берілген
жауаптар негізінде S&P Global
әзірлеген.

Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында

құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.


Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Белгі (мәні)

- | | |
|--------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар | 6 Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау |
| 2 Өсім бар, жедел қарқынмен | 7 Құлдырау, жедел қарқынмен |
| 3 Өсім, ұқсас қарқынмен | 8 Құлдырау, ұқсас қарқынмен |
| 4 Өсім, баяу қарқынмен | 9 Құлдырау, баяу қарқынмен |
| 5 Өсім бар, өзгеріссіз қалған | 10 Құлдыраудан соң, өзгеріссіз |

Сауалнама ауқымы

250 өндіруші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Өндіріс, жаңа тапсырыстар, жаңа экспорттық тапсырыстар, болашақ өндіріс, жұмыспен қамту, орындалмаған жұмыс, қоймадағы дайын тауарлар, сатылым саны, жеткізіп беру уақыты, сатылым қоры, ресурс бағасы, дайын өнім бағасы

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

- 10 Азық-түлік
- 11 Сусындар
- 12 Темекі өнімдері
- 13 Текстиль
- 14 Киім-кешек
- 15 Былғары және тері өнімдері
- 16 Ағаш және ағаш өнімдері
- 17 Қағаз және қағаз өнімдері
- 18 Баспа ісі және таспаға жазылған материалдарды көбейту
- 19 Көмір және мұнайдан өңделген өнімдер
- 20 Химия және химия өнімдері

- 21 Фармацевтика өнімдері
- 22 Резеңке және пластик өнімдері
- 23 Басқа да бейметалл минерал өнімдер
- 24 Негізгі металдар
- 25 Өңделген металл өнімдер
- 26 Компьютер, электроника және оптикалық өнімдер
- 27 Электр жабдықтары
- 28 Машина және басқа салаларға жатпайтын жабдықтар
- 29 Көлік құралдары, жүк көліктері, тіркемелер
- 30 Транспорттың өзге бөлшектері
- 31 Фурнитура
- 32 Өзге де өндіріс
- 33 Машиналар мен жабдықтарды орнату және өңдеу

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры,
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Корпоративті коммуникация
жөніндегі маман
S&P Global Market Intelligence
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасас деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.